



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫ

СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)
ББК 74.58
Қ 22

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

Хуснутдинова Ляйля Гельсовна, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного автономного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

Сухов Михаил Васильевич, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ООМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

Радченко Татьяна Александровна, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Алимбаев Алибек Алпысбаевич, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Телегина Оксана Станиславовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

Шумейко Татьяна Степановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНГАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 12 жылдық білім беру. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық журнал. Нұр-Сұлтан, №1 2022. – 85 бет
2. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 2022. – 184 бет
3. ҚР Білім және ғылым министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Білім ғылыми-педагогикалық журнал. Нұр-Сұлтан, №2 (101) 2022. – 107 бет
4. Ұлт ұстазы ғылыми-педагогикалық журнал. Астана, №4 (04) 2018. – 72 бет

ӨОЖ 37.018

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ–ЗАМАН ТАЛАБЫ

Спаналиева Гулнур Турсимбетовна, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан, E-mail: spanalieva.gulnur@mail.ru

Зайпиля А.Б., «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1-курс студенті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты Қазіргі таңда білім беру процесі түбегейлі қайта жасалып, білім беру саласына өзгерістер енгізілгені белгілі. Мақалада білім беру жүйесіндегі тенденциялар нақтыланды. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу сапасын жақсарту мәселесі қарастырылған.

Түйінді сөздер: жаңартылған білім беру, құзыреттілік, интербелсенді оқу

Аннотация

Актуальность и цель В настоящее время известно, что учебный процесс полностью переделан и внесены изменения в сфере образования. В статье уточнены тенденции в системе образования. Рассмотрен вопрос повышения качества образования на основе обновленного содержания образования.

Ключевые слова: обновленное образование, компетентность, интерактивное обучение

Abstract

Relevance Goal At present, it is known that the educational process has been completely redone and changes have been made in the field of education. The article clarifies the trends in the education system. The issue of improving the quality of education based on the updated content of education is considered.

Keywords: updated education, competence, interactive learning

Қазіргі таңда бүкіл әлемде жүріп жатқан жаһандану мен жаңғырудың әсерінен бүкіл әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Ол әрине оқыту процесін айналып өтпейтіні анық. Сондықтан Қазақстан Республикасында білім беру процесі түбегейлі қайта жасалып, білім беру саласында өзгеріс енгізілді. Қазақстанды білімді, экономикасы дамыған, жоғары білікті күші бар мемлекет деп көргіміз келсе, онда білім жүйесін дамытуымыз қажет екендігі дау туғызбайды.

Білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Келешек ұрпақ ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар оқытушылар мен мектеп мұғалімдерін толғандыруда.

Осы орайда «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр» деп егемен елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан ілгерілеу саясаты қоғам өмірінің барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп отыру қажет екендігіне тоқталған болатын[1].

Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде төмендегідей тенденциялар байқалып отыр:

- білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы, білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру мазмұнындағы жетілдірілген модельдердің жасалуы, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерін іздестіру, жаңа білім технологияларының енгізілуі және т.б;

- оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі, терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы;

-оқушы жастарға азаматтық - патриоттық, рухани - адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру ролінің күшейтілуі;

- білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі ролінің артуы болып табылады. Қазақстандағы білім беру жүйесіне түбегейлі реформалар жасауға себеп болған да осы жаңартылған білім беру бағдарламасына көшу идеясы еді[2].

Білім беру процесіндегі өзекті мәселе- өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, төзімділік, әлеуметтік жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, жоғары кәсіби деңгейлі сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасында білім берудің күтілетін нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес мектеп түлегінің негізгі құзырлығы төмендегіше анықталды:

1. Құндылықты-бағдарлы құзыреттілік – оқушының қоршаған ортаны бірдей қабылдайтын қабілетті, жоғары әдептілік құндылықтар негізінде жасампаз қоғам өмірінде өзінің ролін таба білу біліктілігі, азаматтылығы мен елжандылығы. Бұл құзыреттілік өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдай білу білігін қамтамасыз етеді. Ең бастысы, өзінің Отаны Қазақстан патриоты болу, азаматтық белсенділігін көрсету, саяси жүйені түсіну, болып жатқан әлеуметтік жағдайларға баға бере білу.

2. Мәдениеттанымдық құзыреттілік – жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу. Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның ролін түсіну. Өзі халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсіну және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени-демалыс қызметін тиімді ұйымдастыру тәсілдерін игеру, рухани келісім мен толеранттылық идеяларына бейім болу.

3. Когнитивтік құзыреттілік – оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдақ процесін қамтамасыз ететін кешенді құзырлық. Бұл құзырет өзінің білімділік қызметін ұйымдастыра білуді, тиімді жоспарлай білуді, сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзінің әрекетіне талдау және қорытынды жасау тәсілдерін қарастырады.

4. Коммуникативтік құзыреттілік – адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, халықаралық қатынаста шетел тілінде, қатынас дағдылары болуын қарастырады.

5. Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік – бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі.

6. Әлеуметтік өзара қарым-қатынас құзыреттілігі – отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болуды білдіреді. Бұл құзырет әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білуді, кәсіби бағдарын саналы таңдай алуды қарастырады.

7. Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілік. Бұл құзырет отбасылық, еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық қызмет білімі мен тәжірибесінің болуын білдіреді. Құзырет нақты әлеуметтік қоғамдық жағдайларға талдау жасай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда, яғни өзінің мүмкіндігін нақты перспективалық жоспарлаумен салыстыра білуді, қызметін өзіндік қадір-қасиет сезімімен ұйымдастыра білуді, өзінің өмірі мен ісіне жауапты қарауды, жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдауды және ықпал етуді қарастырады[3].

Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар оқытушылар мен мектеп мұғалімдерін толғандыруда. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Жоғарыдағы келтірілген сұрақтарға жауап ретінде оқыту процесін ұйымдастыруда білім беруші алдында 3 негізгі мәселелер туындауда. Олар: Не нәрсеге үйрету керек ? Қалай үйрету керек? Не үшін үйрету керек? Талдап көрсететін болсақ, Не нәрсеге үйрету керек ? 1. Қағидалық мәселелер: атап айтсақ, өмір сүруге, адам болуға, ешкімге де тәуелді болмауға, өзіндік тұрғыдан әрекет жасауға, маман болуға, өмір бойы үйрене білуге үйрету керек. Себебі, «Өмір бойы азық боларлықтай білім беру» идеясы «өмір бойы өздігінен үйрену» идеясына ауысты.

2. Нақты білік пен дағды қалыптастыру. Ақпаратты таңдап, оны өздігінше игере білу, өз мұқтажына пайдалана білуге, ойлай білуге, ойлануға, ізденуге, жаңалық ашуға, қандай да

болмасын мәселе бойынша өзіндік түсінік, пікір, көзқарас қалыптастыра білуге, тиімді қарым-қатынас құра білуге, дұрыс таңдау жасап, шешім қабылдай білуге, өмір өзі ұсынып отыратын проблемаларды шеше білуге үйрету қажет[4].

Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларына тек білім берумен шектеліп қалмай, сондай-ақ көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін «XXI ғасыр дағдылары» деп аталып кеткен құзыреттілікті дамытуды, ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Ол қандай дағдылар?

Сондықтан XXI ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып ұлттық және жаһандық пікір алуандығын мойындай отырып, әр оқушының дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек болып отыр. Осылардың барлығы білім алушылардың қазіргі заманда және келешекте табысты болу үшін бұрынғыға қарағанда көп дағдыларды меңгеруі қажет екендігін көрсетеді. Соңғы уақытта білім қандай қажет болса дағдыны дамыту да сондай қажет болып отыр.

Оқушылар өз білімдерін кез-келген жағдайда қолдана біліп, болашақта кездесуі мүмкін күрделі тапсырмаларды шешуге икемді болуға баулу маңызды болып табылады.

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігінен құрастырудың адамды дамытатындығын өздігінен құрастырылған білімнің есте ұзақ сақталатындығы дәлелденіп отыр. А.Қ. Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» атты оқу құралында интербелсенді оқыту пәлсапасын ұстана отырып, дәстүрлі білім беру жүйесі мен интербелсенді оқыту жүйесінің ерекшеліктерін былай көрсеткен: Мұғалім рөлі Білім көзі, белсенді үйретуші, біліммен «бос ыдыстарды» толтырушы, оқушылардан анағұрлым көп білуші, «жалғыз актерлы театр» актеры, «асаба» болған болатын болса, білімді өздігінен игертуде мұғалім рөлі таным процесі мен үйренуді ұйымдастырушы, жүргізуші, бағыт-бағдар сілтеуші, проблемалық түрде оқушылар түсінетін және талдайтын болмысты құрастырушы болатындығын айтқан.

Дәстүрлі оқытуда оқушы рөлі ырықсыз, бәсең, айтқанды орындаушы, қайталаушы, тыңдаушы рөлінде болса, білімді өздігінен игертуде белсенді, өз біліміне деген жауапкершілікті түсінуші, білімді өздігінен игеруші, өз қажеттіліктерін айқындаушы рөлінде болатындығын көрсеткен.

Дәстүрлі оқытуда мұғалімнің әрекеті мәліметтер мен ақпараттар беруші, өзі жасаған тұжырымдар мен қорытындыларды келтіруші, тапсырмалар беруші, оқушылардың білімін тексеруші рөлінде болған болса, білімді өздігінен игертуде мұғалімнің әрекеті оқушылар бойында өзіндік әрекеттер мен көзқарас қалыптастыру мен дамыту, ақпаратты өздігінен игерту, талдау, шешім қабылдау, жаңа мазмұн құру, проблеманы айқындату, және оны шешу жолдарын қарастыра білуге үйрету, бітімге келе білуге яғни ынтымақтастықта өмір сүруге дайындау болып келетіндігін көрсеткен.

Дәстүрлі оқытуда оқушы әрекеттері бастамашылық пен ынтаны көрсете алмайтындығы, сабақта енжарлық пен ықтиярсыздықты байқататындығын айтып, олардың есіне мұғалім өз міндеттерін жиі есіне салып, әрекеттерін қадағалап, бақылап отыру керек деп түсініп келгендігімізді айтады. Оқушы сабақ процесінде ырықсыздыққа беріліп, қорытынды нәтижеге деген қызығушылығы мен жауапкершілігі болмағандығын көрсетсе, білімді өздігінен игертуде оқушы әрекеттері білімді өздігімен игереді; олар білімді өзіндік түсінік, ойлар, идеялар, көзқарас деп түсініп, оқушының өз біліміне деген жауапкершілігі жоғары; оларға еш қысым жасамай-ақ оқушылардың бастамашыл, белсенді болатындығын көрсеткен.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде әдістемелік ұстаным білімнің дайын күйінде беріліп, шығармашылыққа жол берілмейтіндігі айтылып, оқу/оқыту -есте сақтау деп түсіндірілетіндігімен ерекшелінген болатын болса, білімді өздігінен игертуде білім дайын күйінде берілмейтіндігі, білімді күмәнданып қабылдау: бұл ұстаным диалогтық қарым-қатынас, сыни көзқарас пен шығармашылық белсенділікке негізделетіндігін көрсеткен.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде мұғалімдер қолданған әдістемелік тәсілдерге келетін болсақ, Монолог, авторитаризм, қысым жасау, жасандылық, ұрандар, «мәдени жаншу» (диктат) оқыту процесінде орын алып отырған болса, білімді өздігінен игертуде диалог, еркіндік, қысымнан арылу, өзінділік, мәдени ықпал т.с. тәсілдер қолданылуда.

Дәстүрлі оқыту жүйесіндегі проблемаларға қатынасына тоқталатын болсақ, сабақта орын алған проблемалардың пайда болуын жеңіліс деп қабылданғаны өтірік емес, білімді өздігінен игертуде, жаңартылған оқыту процесінде проблемалардың пайда болғаны оларды шешу жолдарын іздестіруге бастайдығы айтылған.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде Негізгі мақсат адамдардың күнделікті болмысқа бейімделуі, «біліктілік» тұжырымы бойынша білім, білік, дағды «беру» орын алса, жаңартылған оқыту процесінде күнделікті болмысты адам мұқтаждарына сәйкес түбегейлі өзгерту, «құзыреттілік» тұжырымы бойынша құзырлардың қалыптасуына тиімді орта мен жағдай жасау болып отырғандығын көрсеткен[5].

Қайталау мен жаттығуға негізделген білім адамның тек есте сақтау дәрежесінде болса, құрастырылған сындарлы білім үйренушіден түсіну, қолдану, анализ жасау, синтез жасау, бағалау сияқты белсенді әрекеттерді талап етеді.

Өйткені, қазіргі таңда мұғалімдер алдына төмендегідей рефлексиялық қабілеті дамыған тұлға тәрбиелеу мақсаты қойлып отыр:

- өзіне -өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін;
- өзін-өзі бағалай алатын;
- өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін;
- өз өмірі мен іс-әрекеттерін ешкімге жүгінбей жоспарлай алатын, жауапкершілігі жоғары.
- шығармашыл және сын тұрғысынан ойлау қабілеті дамыған;
- өзгенің мәдениеті мен көзқарасына құрметпен қарайтын;
- ғылыми -зерттеу және проблема шешу дағдылары қалыптасқан.

Аталған құзыреттіліктерді игеру оқушының орта білім беретін мектеп жағдайында нәтижелі әлеуметтендірілуіне игі ықпал етеді.

Жаңартылған білім беру жүйесіне енгізілген бейіналды және бейіндік дайындық оқушының өз қабілеті мен өмірлік құқығына сәйкес өзін-өзі кәсіби анықтауында, болашақ кәсіби қызметін саналы да жауапты таңдауына едәуір тиімді дайындыққа қол жеткізуде олардың әлеуметтендірілу мүмкіндігін кеңейтеді.

Әдебиеттер тізімі :

1. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын 2021 жылғы 01 қыркүйек.
2. Құдайбергенова К.А. Құзырлылық-тұлға дамуының сапалық критерий// Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2018.30-32 б.б.
3. Қазақстан Республикасының 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы
4. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер.-Астана, 2014, 31-33 б.б.
5. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер.-Астана, 2014, 12-15 б.б.

ӘОЖ 37.013:008

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Спаналиева Гулнур Турсимбетовна, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан, E-mail: spanalieva.gulnur@mail.ru

Кенесбаева Б.М., «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1-курс студенті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты Көркем шығармашылық қабілеті дамыған ұрпақтың болуы – бүгінгі қоғам талабы. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ адам болмайды деп дәлелдейді. Мақалада білім алушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамытудың жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: көркем шығармашылық, жеке тұлға, қабілет

Аннотация

Актуальность и цель. Наличие поколения с развитым художественным творчеством – требование современного общества. Наука педагогика доказывает, что нет человека, который ни к чему не склонен. В статье показаны пути развития художественного творчества учащихся.

Ключевые слова: творческие способности, личность, способность

Abstract

Relevance Goal The presence of a generation with developed artistic creativity is a requirement of modern society. The science of pedagogy proves that there is no person who is not inclined towards anything. The article shows the ways of development of artistic creativity of students

Keywords: creativity, personality, ability

Оқу процесінде жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын қолдану мен оны озық тәжірибемен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі. Ұзақ жылдар бойы жалпы білім беретін мектептің негізгі мақсаты-